

Бекітемін: *Асаң*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы»
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«ӘЛЕМ БІЗДІҢ АЙНАЛАМЫЗДА»

(МАД «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті)



Тәрбиеші: Жамишова Г

Таушық ауылы . 29.11.2024ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы : «Әлем біздің айналамызда»

Ұйымдастырылған іс-әрекет мақсаты : Адам мен табиғаттың бір-біріне тіршілік ете алмайтыны туралы түсініктерін дамыту, адамның табиғатта тіршілік ететіні туралы мағлұмат беру. Табиғатты өз үйіндей көру қажеттігі туралы түйсігін тәрбиелеу: оған қамқор болу керек, қорғау қажет, ормандағы, табиғаттағы тәртіп шараларымен таныстыру. Айналадағы өсімдіктер мен жануарлар әлеміне деген қызығушылықтарын дамыту. «Рұқсат» және «болмайды», «қалаймын» және «қажет», «жақсы» және «жаман» деген ұғымдарды түсіне білу.


Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылсын
Көкке шуақ шашылсын
Құтты қонақ келіпті
Төрімізге еніпті
Ал қанекей балалар
Сәлем дейік үлкенге
Сәлеметсіздерме апайлар.

Табиғат құбылыстарының дыбысы.

Тәрбиеші: - Балалар қандай дыбыстарды естідіндер:

- құстың сайрағаны, желдің ,жаңбырдың дыбысы)
- Бұл — табиғат дыбыстары.
- Ал, табиғатқа нелер жатады?
- Қанекей айналамызға қарайықшы,нелерді көріп тұрмыз?
- күн, бұлт, тау, су,
- Күн не береді?
- Күн бізге жылу ,жарық,сауле береді.
- Бұлт болса жаңбыр жауады, қар жауады.
- Енді міне суреттерге назар аударайық.
- Не көріп тұрмыз.
- тас, су, тастар, құм, жануарлар, өсімдіктер
- Балалар табиғат екі түрге бөлінеді: өлі табиғат және тірі табиғат .



- Өлі табиғатқа: тау, тас, су, топырақ, бұлт, жатады.

- Тірі табиғатқа : адамдар, жан-жануарлар, ағаштар, өсімдіктер жатады.

- Неге оларды тірі табиғат дейміз? Себебі олар өседі, қозғалады, қоректенеді, тыныс алады, көбейеді.

Тәрбиеші : Ал өлі табиғат өспейді қозғалмайды, қоректенбейді, тыныс алмайды, көбеймейді. Енді балалар бақылап көрейік. Мұнда екі ыдыста су

құйылған.

Біреуінің ішінде нелер жатыр? (тастар) Ал екіншісінің ішінде не бар ? (Балық)

Қарайықшы тастар суға батып , қозғалмай жатыр.Балық жыбырлап, қозғалып жатыр. (жем салады, жем салып едік балықжем жеп жатыр. Балық қозғалады, қоректенеді-демек ол тірі табиғатқа жатады.

Тастар қоректенбейді , қозғалмайды –өлі табиғатқа жатады.Енді балалар тірі



табиғат және өлі табиғат түрлерін ажыратып ойын ойнап жіберейік.

Дидактикалық ойын: « Ажырата біл »
дыбысы.

Жануарлардың

Біз нелердің даусын естіп тұрмыз?(жануарлардың)

Жануарлардың да өте көп, олар бірнеше түрлерге бөлінеді.Мына суреттерге қарайық.

Үй жануарларымен жабайы аңдардың суреті.

Балалар үй жануарлары мен жабайы аңдардың түрлерін ажыратып ойын ойнап жіберейік..

Дидактикалық ойын: « Лото »

Мақсаты: көлеңкесін табу және ретімен орналастыру.Атай білу, ажырата білу.



Сергіту сәті:

Орнымыздан
тұрайық ,
Қанатымызды жазайық .
Құс болып ұшайық ,
Бір отырып, бір тұрып
Біз тынығып алайық.

Тәрбиеші: Қане балалар өсімдіктер мен жәндіктерді ажыратып ойын ойнап жіберейік.

Қорытынды :

Балалар біз бүгін бірігіп не істедік?

Нелермен таныстық.

Табиғат нешеге бөлінеді ?